

**"Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін лицензиатқа, жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтайшыларына және басшы қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары және аталған талаптарды растайтын құжаттар туралы"**

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылғы 3 желтоқсан N 31-п Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 11 ақпан N 452 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 мамырдағы N 176 қаулысымен.

"Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметін лицензиялау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 қыркүйектегі N 1396 қаулысының 17-4-тармағын жүзеге асыру мақсатында б ұ й ы р а м ы н :

1. Зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына (бұдан әрі - Қорларға) жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтайшыларына және басшы қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарының мынадай тізбесі бекітілсін:

1) Қордың жарғылық капиталын 20.06.97 ж. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен құрылтайшылар төлеуі тиіс;

2) Қордың қызметін ұйымдастыруды реттейтін ішкі құжаттар әзірленуі тиіс;

3) Қор үй-жайдың, компьютердің, Қордың қызметін және Қазақстан Республикасы Еңбекәлеуметмінің Ұлттық зейнетақы агенттігімен (бұдан әрі - Агенттік), кастодиан-банкпен, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықпен өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін телекоммуникациялық жабдықтардың және бағдарламалық-техникалық құралдардың бар екендігін растауы тиіс;

4) Қордың басшы қызметкерлері Агенттік белгілеген тәртіппен біліктілік е м т и х а н ы н т а п с ы р у ы т и і с .

5) Қор өз құрылтайшыларының қаржылық тұрақты жағдайын растауы тиіс.

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.03.09. N 28 бұйрығымен.*

II. Біліктілік талаптарын растау үшін Қор Агенттікке мынадай құжаттарды тапсыруы тиіс:

- 1) Агенттікке біліктілік емтиханын тапсырған басшы қызметкерлерді тағайындау немесе сайлау туралы құжаттардың көшірмесі;
- 2) жарғылық капиталдың толық төленгендігін растайтын қаржылық құжаттың көшірмесі;
- 3) оның жоғары басқару органы бекіткен, атқару органының бірінші басшысы қол қойған, тігілген және Қордың мөрімен бекітілген Қордың зейнетақы ережесі (екі данада);
- 4) жинақтаушы зейнетақы қоры қызметінің болашағын экономикалық негіздеу (бизнес-жоспар);
- 5) есеп жүргізуді, құжат айналысын, кастодиан-банкпен, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниядан алынған мәліметтердің тұтастығын және ақпараттардың құпиялығын қамтамасыз етуге ішкі бақылау туралы ереже;
- 6) Қордың N 1 бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес есептік саясаты;
- 7) кастодиан-банкпен жасасылған кастодиалдық шарттың көшірмесі;
- 8) зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен зейнетақы активтерін басқаруға жасасылған шарттың көшірмесі;
- 9) басқару органдарының құрамы және тегі, аты, әкесінің аты, қабылданғаны туралы бұйрықтың (хаттаманың) күні мен нөмірін көрсете отырып Қордың штаттық кестесі;
- 10) бөлімшелер (егер олар бар болса) туралы ережелер және салымшылармен, кастодиан-банкпен және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниямен жұмысқа тікелей қатысатын мамандарға лауазымдық нұсқаулықтар;
- 11) Қордың құрылтайшылары - заңды тұлғалар туралы мәліметтер:
  - мемлекеттік тіркеуден өткендігі туралы куәліктің көшірмесі;
  - статистикалық кәртішкенің көшірмесі;
  - Жарғының және барлық өзгерістері мен толықтыруларымен қоса құрылтай шартының нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
  - ашық акционерлік қоғамдар үшін - өтініш беру сәтіндегі дауысқа ие акциялардың 5% және одан да жоғары иелік ететін бағалы қағаздарды ұстаушыларға тізілімнің көшірмесі;
  - толық жұмыс істелген жыл үшін қаржылық есептілік;
  - соңғы есептік күнге бухгалтерлік баланс;
  - құрылтайшылардың соңғы есептік күндегі қаржылық жағдайы және заңда белгіленген тәртіпте қордың жарғылық капиталын төлеуі туралы аудиторлық қорытынды.
- 12) құрылтайшылар - жеке тұлғалар туралы мәліметтер:
  - анкеталық мәліметтер;

- салық қызметі органдары куәландырған соңғы жылдағы табыстар мен мүлік туралы декларация;

13) үй-жай, ұйымдастыру техникалары, телекоммуникациялық жабдықтар мен бағдарламалық-техникалық құралдардың бар екендігін растайтын құжаттар.

*ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1998.03.09. N 28 бұйрығымен.*

III. Тапсырылатын құжаттардың көшірмелері тігілген және Қордың бірінші басшысының, бас бухгалтерінің қолымен және мөрмен бекітілген болуы керек.

IV. Қор лицензия алу үшін тапсырылған құжаттардағы өзгерістер туралы Агенттікке он күн мерзім ішінде жазбаша нысанда хабарлауы тиіс.

V. Қордың лицензия алу үшін тапсырылған құжаттарға қол қойған лауазымды адамдары осы құжаттардағы мәліметтердің растығы үшін заңда белгіленген жауапкершілікте болады. Агенттік Қордың құжаттарындағы мәліметтердің жалғандығы үшін жауап бермейді.

VI. Қор лицензиялау үшін қажетті құжаттарды толық тапсырмаған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін лицензиялау және реттеу басқармасы қосымша сұрату жіберсін. Құжаттарды қарау мерзімі құжаттардың толық пакетін алған сәттен бастап есептелсін.

VII. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен күннен бастап 1997 жылғы 09.10. N 9-П бұйрықтың күші жойылған деп есептелсін.

VIII. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

IX. Осы бұйрықтың атқарылуына бақылау жасау Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін лицензиялау және реттеу басқармасына жүктелсін.

*Еңбекәлеуметмині Ұлттық зейнетақы агенттігінің директоры*